**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Ақпан айы 2024 жыл 1 апта**

**№2 « Алақай»ортаңғы тобы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 05.02.2024 | Сейсенбі 06.02.2024 | Сәрсенб 07.02.2024 | Бейсенбі 08.02.2024 | Жұма 09.02.2024 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Достық әнімен қарсы алу | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Смайликпен қарсы алу | Сәлем сәлем әнімен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Үстел үсті театр «Түлкі мен қоян» **коммуникативтік дағдылар** | Сюжетті рөлдік ойындар. «Дүкен» **Әлеуметтік дағдылар** | Суретті кітапшаларды бояу, паздар, мазайка және т.б **Шығармашылық дағдылар** | Артикуляциялық жаттығулар: «Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек.**Қазақ тілі** | Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық», сыңарын тап.**Танымдық дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы | зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдануды үйрету | Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауды ұйымдастыру. | Сан. Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру | Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру. |

157

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздермен байыту | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тоқтап, жартылай отырып жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру;<br>көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу;<br><br>Қимылды ойын:<br>Сақина жасыру | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тоқтап, жартылай отырып жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру;<br>Допты жоғары лақтыру, төмен – еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>Қимылды ойын:<br>Ақ доп, қызыл доп<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. Биік емес төбеден сырғанау. | **Музыка**<br>Музыка тыңдау:<br>Музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйренеді. | **Қазақ тілі**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға беймдеу | **Дене шынықтыру**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>Тоқтап, жартылай отырып жүру;<br>Тепе-теңдікті сақтай отырып, арқан бойымен жүру;<br>Допты жоғары лақтыру, төмен – еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>Қимылды ойын:<br>Ақ доп, қызыл доп<br>Спорттық жаттығулар:<br>Шанамен сырғанау. Биік емес төбеденсырғанау. |
| | Заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту үшін дүкен ойынын ұйымдастыру<br>**(Сөйлеуді дамыту** | Баллар таңдаған шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.<br>Суреттерін көрсетусипаттау..<br>**(Сөйлеуді дамыту)**<br><br>Сазбалшық, | Геометриялық фигура шаршымен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру және бөлме ішінен шаршыға ұқсас заттарды табу<br>**(Математика негіздері)**<br><br>Құрылыс құралдарынан суреттегі үлгісінеқарап | Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, немесе жемістердің, атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.<br>«Ғажайып сандықты» қолдану арқылы<br>**(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)**<br>Негізгі құрылыс | Қалауы бойынша мультфилім көру ондағы кейіпкерлердің іс әрекетін сипаттауды үйрету<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мүсіндеуге қызығушылығын дамыту. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **және көркем әдебиет)**<br><br>Домалақ қар түйіршіктерін салу **(Сурет салу)** | ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, мүсіндету **(Мүсіндеу)** .Көгөністер мен жемістерді көлемдеріне қарай екі түрлі табаққа жапсыруды үйрету **(Жапсыру)** | зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып шарбақтар жасауды үйреету<br><br>**(Құрастыру)** | бөлшектерін: цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды қолдану арқылы өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру **(Құрастыру)** | азық түліктерді жасату **(Мүсіндеу)** |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен** | Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау<br>Мақсаты:<br>Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады | Қарды бақылау<br>Мақсаты: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Қыс»<br>Қ. Жұмағалиев<br>Қысым-ақ, қысым-ақ,<br>Жібердің қысып-ақ.<br>Қалмаспыз біз деген,<br>Боранға ұшырап.<br>Аппақ қар жауа | Желді бақылау<br>Мақсаты:<br>өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>Бақылау барысы<br>Ұйытқыма жел Ө. Ақыпбекұлы<br>Ұбырып-шұбырып,<br>Ұйтқиды құбылып.<br>Ұлпадай ақ қарды,<br>Ұршықтай үйіріп.<br>Ұлиды қасқырдай,<br>Ұйтқып көз аштырмай.<br>Екпіндей соғады, | Бұлттарды бақылау<br>Мақсаты:<br>Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту;<br>Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:<br>Етек жеңі жиналмай,<br>Дауыл тұрса дым қалмай.<br>Түйдектеліп көшеді,<br>Тоз-тоз болып өшеді.<br>Көшіп жүріп желменен,<br>Сеуіп шықты тамшысын,<br>Қыраттарға шөлдеген.<br>Күн сайын күн өзендер мен | Ауладағы ағаштарды бақылау<br>Мақсаты :<br>— ағаштар туралы білімдерін молайту;<br>— ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Қыс»<br>Р.Сәбитұлы<br>Қар жамылды бақтарым<br>Қыратым да, сайым да.<br>Тағыпты қыс ақ карын,<br>Үкі етіп қайыңға.<br>Бүркеніп ақ желекті,<br>Жарқырайды маңайым. |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұл неткен күшті тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады.<br>Олар неден жасалған? (темір сымдардан)<br>Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті)<br>Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар)<br>Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады)<br>Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан | бер.<br>Риза ғой саған ел.<br>Боратты-ау бораным,<br>Қайратын қарай көр.<br>Біз батыл баламыз,<br>Жылы үй, қорамыз.<br>Ақ ұлпа қарыңнан,<br>Аққала соғамыз.<br>Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқаққа айналады. Бұл кезде жан- | Алдыға бастырмай.<br>Баларға сұрақтар<br>Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)*<br>Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)*<br>Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компаспен, зырылдауықпен)<br>Жел қалай пайда болады?<br>*Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады.*<br>Еңбек<br>Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау.<br>*Мақсаты: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.*<br>Қимылды ойын «Мысық пен тышқан».<br>*Мақсаты:* | көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады.<br>Балаларға сұрақтар.<br>Бұлттар қандай болады?<br>Олар қайдан пайда болады?<br>Бұлттар нелерге ұқсайды?<br>Зерттеу жұмысы<br>Аспаннан атқа немесе түйеге ұқсас бұлтты табу.<br>Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру.<br>Еңбек<br>Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау..<br>*Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу.*<br>Қимылды ойын: «Қар үстіндегі хоккей».<br>*Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.* | Ойға шомып теректің,<br>Ақ шалыпты самайын.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.<br>Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді??<br>Күзде қандай болды?<br>Қазіргі бейнесі қандай?<br>Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді?<br>Айналадағы ағаштар бейнесі қандай?<br><br>Зерттеу жұмысы<br>Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы түрқын салыстыру<br>Еңбек<br>Жолды қардан тазалау.<br>*Мақсаты:* аула қараушыға көмектесу.<br>Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?»<br>*Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.*<br>Жаттығу ойындары<br>Секіру<br>*Мақсаты:орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру*<br><br>*Халық болжамы. Ит қарға аунаса, қарлы* |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тазалайды)<br>♦ қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>Зерттеу жұмысы<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру<br>Еңбек Алаңды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру<br>*Мақсаты:*<br>Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету;<br>Еңбек дағдыларына тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын «Аңшылар мен аңдар»<br>*Мақсаты:*<br>Қозғалыс дағдыларын бекіту;<br>Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту.<br>Жаттығу ойындары «Көпірден өт».<br>*Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру<br><br>*Халық болжамы:* | жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы, тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды.<br>Тәрбиеші сұрақтары.<br>♦ қыс айларын атаңдар?<br>♦ қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады?<br>♦ қарқатқақ қалай пайда болады?<br>Зерттеу жұмысы<br>Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. Қай жерде қар қалың, қай | Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту;<br>Әр бағытта жүгіруге жаттықтыру<br>Жаттығу ойындары<br>Қозғалыстарын дамыту.<br>*Мақсаты:* қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу<br>*Халық болжамы: Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады* | Жаттығу ойындары<br>Қимылдарын дамыту.<br>*Мақсаты:*<br>Сырғанауға үйрету;<br>Сырғанау кезінде отыруға үйрету.<br><br>*Мақал-мәтел: Мезгіл жетсе мұз ерір.* | *боран болады.*<br>*Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады* | жерде жүқа. Неге?<br>Еңбек<br>Сырғанаққа су себу<br>*Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету.*<br>Қимылды ойын «Екі аяз».<br>*Мақсаты:* кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру.<br>Жаттығу ойындары «Кім алысқа секіреді?».<br><br>*Мақсаты:* белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру.<br>*Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады.* | | | |
| **Серуеннен оралу** | Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Кезекшілердің жұмысы ( асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, сонынан жинау)Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі)<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**. | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**<br>Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Кеңістік бағыттарын (үстінде,астында, жанында)бағдарлау ды үйрету үшін «Зат (ойыншық) қайда тұр» ойынын үйрету.<br>**(Математика негіздері)**<br><br>Балаларды орталықтарға бөліп, шығармашылық жұмыстарын жасату.<br>моншақтарды ермексаздан жасату<br>**(Мүсіндеу)**<br>Фланелеграфқа үстел үстіне ыдыс аяқтарды жапсырып орналастыру . | «Қар ханшайымы» ертегісін үстел үсті театыры құралдарымен сахналап көрсету<br>**(Көркем әдебиет)**<br><br>Жіпке тізілген әсем моншақтарды бояту<br>**(Сурет салу)** | Терезеден қар жамылған ағаштарды көрсету олардың алдында тұрған аққаланы көрсетіп ол туралы не білетіні айтқызу.<br>**(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Балаларды екі топқа бөліп бірінші топтағыларға қар түйірлерін ермексаздан жасау екінші топтың балалары дайын пішіндерді үйлестіріп үлкен кіші аққалаларды жапсырады<br>**(мүсіндеу, жапсыру)** | Ұжымдық жұмыс. Ыдыс аяқ түрлерін таңдап бояу немесе дайын ыдыс аяқтар бейнесін фланелеграфтағы сөреге орналастырып жапсыру<br>**(сурет салу, жапсыру)**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды( күндіз-түнде таңертең-кешке) үйрету үшін .<br>«Бұл қай кез» дидактикалық ойынды ұйымдастыру.<br><br>**(Математика негіздері)** | Үй жануарларын көлемдеріне қарай фланелеграфта дайындалған үйшіктерге орналастырып жапсыру<br>**(Жапсыру)**<br><br>Үйшіктерге апаратын жолдарды еден үстінде құрастыру.<br>**(Құрастыру)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Мирас төртбұрышты пішіндегі заттарды, оларды дөңгелек пішіндегі бейнелермен сәйкестендіріп бейнелеп үйрету | Томирис сазбалшықтан, ермексаздан, қамырдан мүсіндеуге қызығушылық танытуға | Айзере бейнелеу өнеріне қажетті негізгі техникалық дағдыларын үйрету | Марияи әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беріп үйрету. | Казына көкөністер-жемістердің, ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттерін салғызуға үйрету |



Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дағдыландыру | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау.<br>Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | Қармен әр түрлі құрылымдар құрастырту.<br>**(Құрастыру)**<br><br>Қ/о «Кім жылдам?» | Ауа райын бақылау, күннің кешке қарай суытатынын түсіндіру.<br>**(Қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Қ/о «Тырналар» | «Қорапта не бар жасырылған затты атап сипаттауына жағдай жасау.<br>Қ/о «Поезд» | Қ/о «Кім жылдам?»<br>Көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасату арқылы көңіл күйлерін көтеру<br>**(музыка)** | Ұқсас заттарды жинап қораптарға орналастыру<br>**(Математика негіздері)**<br><br>Қ/о «Тырналар» |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау.<br>Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Киіз үй жайлы сұрау | Тілдік жаттығу жасату | Жұмбақ үйрету | Нейрожаттығу жасату | Санамақ айтқызу |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Дұрыс тамақтану ережелері. | Кеңес «Егер бала бұзық болса» | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата- аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу. |

«Тексерілді»
15 «Әлия» бөбекжайы
МКҚК-ны әдіскері:
_______У.Г. Нурмухаммедова
« 02 » 02 2024ж

Сканировано с CamScanner